

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:		Провост
"Медицина докторы" бағдарламасының академиялық қағидалары мен рәсімдері			
Бекітілген күні:	02.12.2020ж.	Күшіне енгізілген күні	02.12.2020
Шешімнің/хаттаманың №:	№ 147-н/қ		
ІНҚ жіктеуші:	2.8 Академиялық қағидалар мен рәсімдер		
Бастамашы:	Массимо Пиньятелли, Медицина мектебінің деканы		
Өзара байланысты құжаттар	Өзара байланысты құжаттар жоқ		

Аббревиатуралар

АК	Академиялық кеңес
ECTS	Кредиттерді аудару мен жинақтаудың еуропалық жүйесі
GPA	Үлгерімнің орташа балы
МД	Медицина докторы
НУММ	Назарбаев Университетінің Медицина мектебі
РО	Регистратор офисі
ОБК	НУММ Оқыту және білім беру комитеті
САК	Студенттерді ауыстыру комитеті



1. Жалпы ережелер

1. Осы құжатта «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі мәтін бойынша – Университет немесе НУ) «Медицина докторы» бағдарламасына қабылданған барлық студенттерге қолданылатын академиялық қағидалар мен рәсімдер қамтылған. Келіспеушіліктер болған жағдайда, осы Қағидалар мен рәсімдердің ережелері осы құжат қабылданғанға дейін мақұлданған басқа да қағидалардың қайшы келетін ережелеріне қарағанда басым күшке ие болады. Бұл қағидалар НУММ үшін Университет қағидаларынан неғұрлым қатаң немесе өзгеше болуы мүмкін ең төменгі стандарттарды белгілейді.

2. Академиялық жыл күнтізбесі

2. «Медицина докторы» бағдарламасы бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес академиялық жыл негізінде жүргізіледі. Күзгі семестрдің басында жаңа студенттер үшін студенттерге Университетке және Бағдарлама талаптарына бейімделуге мүмкіндік беретін бағдарлау кезеңі өткізіледі.

3. Тіркеу қағидалары

3. «Медицина докторы» бағдарламасына түскен студенттерге стандартты тіркеу рәсімдерінен өтудің қажеті жоқ, өйткені барлық НУММ курстары міндетті болып табылады. Олар РО мен НУММ арасында келісілген НУММ-ға арналған арнайы үдеріс арқылы тіркеледі.

4. РО, Мектептің Деканы мен оқытушылары бүкіл тіркеу барысында және академиялық кезең ішінде онлайн-тіркеу тізімдеріне қол жеткізе алады.

4. Сабаққа қатысу

5. Студенттер «Медицина докторы» бағдарламасы курстарының барлық сабақтарына қатысады деп күтіледі.

6. Егер сабаққа қатысу силлабуста немесе Анықтамалықта көрсетілген тәртіптен төмен болса, Университеттің тиісті ішкі құжаттарында көрсетілген айыппұлдар қолданылады. Студенттер бағдарлауға қатысып, академиялық кезең аяқталғанға (соның ішінде соңғы емтихандарға) дейін қалуы тиіс.

7. Бірінші күннен бастап сабаққа қатыспайтын студенттерге осы пәнді реттейтін Анықтамалықтарға сәйкес айыппұл салынуы немесе пәннен шеттетілуі мүмкін.

8. Академиялық кезеңнің басында әрбір курс жетекшісі студенттерді пән құжаттамасында сабаққа қатысу талаптары, оның оқу мүмкіндіктері мен ықтимал бағасына әсері жөнінде хабардар ету үшін жауапты болады. Оқытушы-профессорлар құрамы сабаққа қатысу талаптары бұзылған жағдайда бағаны төмендетуге немесе сабаққа қатыстырмау/бас тарту туралы бастама жасауға құқылы.



9. Студенттің сабаққа қатыспау туралы өтінішін курс жетекшісі, блок жетекшісі және Мектеп Деканы немесе Вице-деканы мақұлдауы тиіс.

5. Кредиттер

10. «Медицина докторы» бағдарламасының курстары үшін ECTS кредиттері есептелмейді.

11. Қазақстанның басқа аккредиттелген жоғары оқу орындарынан немесе шетелдерден алынған ECTS кредиттері «Медицина докторы» бағдарламасы студентінің есебіне аударылмайды.

6. Қайта қабылдау

12. Егер студент бұрын Университетке «Медицина докторы» студенті ретінде қабылданса және сол бағдарламаны жалғастыру үшін қайтып оралса, ол бағдарламаға қайта өтініш беріп, оқуын 1 (бірінші) жылдан бастауы тиіс.


7. «Медицина докторы» бағдарламасынан тыс жұмыс

13. «Медицина докторы» бағдарламасы – Университет аумағында немесе одан тыс жерде ақысы төленетін немесе ақысы төленбейтін, жартылай немесе толық емес жұмыспен үйлестіруге келмейтін өте қарқынды академиялық бағдарлама. Сондықтан оқу кезінде кез келген жұмысқа тыйым салынады.

8. Бағалау жүйесі

14. Жалпы ескертулер: НУММ төменде сипатталғандай сынақтан өтті/сынақтан өтпеді және сынақтан үздік өтті деген бағалар жүйесін қолданады. Р (сынақтан өтті) немесе F (сынақтан өтпеді) бағалары тек Р/F курстары ретінде ұсынылатын НУММ курстарына түскен студенттерге хабарланады. Мұндай курстар сәйкесінше каталогта көрсетіледі. «Р» бағалары «Медицина докторы» бағдарламасы бойынша қалыпты үлгерім үшін қажет. «Р» бағасы стандартты бағаланатын курстың «В» бағасы үшін күтілетінмен салыстырылатын жұмысты қажет етеді. Өту балының шекті мәні барлық курстар үшін НУММ қабылдаған стандартталған белгіленген әдіс негізінде айқындалады.

15. Сынақтан өтті/Сынақтан өтпеді және бағаны түзету: емтихандар үшін өту балы арнайы шақырылған комитеттердің стандартты белгіленімдері пайдаланыла отырып айқындалады. Жалпы өту балына 2%-дан кем балл жетпеген студенттер САК арнайы қарауынан кейін емтихан тапсыруға жіберілуі мүмкін. Жалпы өту балына 2%-дан 10%-ға дейін балл жетпеген білім алушылар мұны блок шегінде өтей алады. Емтихан тапсыру үшін студенттер курстың жеке өту балдарымен және таразылаумен айқындалатын бүкіл блокқа арналған өту балынан жоғары балл жинауы тиіс. Жалпы өту



балына 10%-дан артық балл жетпей қалған студенттер бағаларын түзетіп, емтиханды қайта тапсыруы тиіс.

16. Сынақтан үздік өтті:

1) Курстан үздік сынақталу: студенттер 50% және 60% аралығында немесе 61% және 70% аралығында шекті өту балы белгіленген емтихандарда бір курс үшін 80% және одан жоғары балмен немесе 85% және одан жоғары балмен үздік сынақталуға құқылы. Алайда (1) белгілі бір курсты қайта оқыған немесе (2) курс сағаттарының 10%-нан астамын құрайтын көлеміне негізсіз қатыспаған студенттер үздік сынақталу бағасын ала алмайды.

2) Блоктан үздік сынақталу: студенттер егер блок компоненттерінің 50%-нан астамында жақсы баға алса, блок үшін үздік баға алады. Блоктың әртүрлі компоненттері олардың ұзақтығына сәйкес өлшенеді. Сонымен қатар, блоктың барлық басқа компоненттері кемінде 70%-ды құрауы тиіс. Курс жетекшісінің және ОБК нақты ұсынысы болған кезде осы қағидаларға жатпайтын ерекшеліктер болуы мүмкін. Блок бойынша емтиханды қайта тапсырған студенттердің мұндай құқығы жоқ.

3) Ұзартылған курстардан үздік сынақталу: әдетте студенттердің мұндай блоктардан өтетіндігіне сенім өте жоғары. Осылайша, үздік сынақталу шегі $\geq 90\%$ -ды құрайды. Егер 90%-дан төмен болса, онда курс жетекшісі айқын жазбаша негіздеме ұсынуы тиіс.

9. Әкімшілік бағалау

17. Университет деңгейінде бірқатар арнайы әкімшілік бағалар қолданылады. Бұл әкімшілік бағалар НУ барлық бағдарламаларына қолданылады. НУММ «Медицина докторы» бағдарламасына қолданылатын кейбір әкімшілік бағалар 1-кестеде келтірілген.

1-кесте: Әкімшілік бағалау мен бағалар

Бағалау	Түсіндірмелер	Балдар
РН/Р/Ғ	Сынақтан үздік өтті/ Сынақтан өтті/ Сынақтан өтпеді	қолданылмайды
I	Аяқталмаған	қолданылмайды
IP	Орындалу барысында	қолданылмайды
IPS	Қанағаттанарлық орындалуда	қолданылмайды
IPU	Қанағаттанарлықсыз орындалуда	қолданылмайды



		ды
AW	Әкімшілік оқудан шығару	қолданылмайды
W	Оқудан шығару	қолданылмайды

18. Аяқталмаған (I). Егер студент курс талаптарының едәуір бөлігін орындаған болса, бірақ дәлелді себептермен барлық талаптарды орындай алмаса, курс жетекшісі уақытша «I» деген бағаны қоя алады:

1) «I» деген баға студент пен оқытушының арасындағы және тиісті НУММ Деканы бекіткен жазбаша алдын ала келісім негізінде ғана қойылуы мүмкін. Жұмыстың аяқталу күнін курс оқытушысы айқындайды.

2) Барлық жұмыстар келесі семестрдің соңғы аптасының аяқталуынан кешіктірілмей орындалып бітуі тиіс. Жұмыстарды орындағаннан кейін немесе «I» деген баға туралы уағдаластық шеңберінде емтиханнан өткеннен кейін курс жетекшісі «I» деген бағаны курс үшін тиісті бағаға өзгертуді сұратуы тиіс, одан кейін «I» деген баға студенттің транскриптінен жойылады.

3) «I» деген баға денсаулығына немесе жақын туыстарының денсаулығына байланысты қорытынды емтиханға қатыса алмайтын студентке де қойылуы мүмкін. Қорытынды емтиханды тапсыру үшін жаңа мерзім тағайындалады.

4) Келесі семестрдің соңғы аптасының аяғына дейін жабылмаған «I» деген баға оқытушы мен студенттің арасындағы келісімге сәйкес бағаға автоматты түрде өзгереді. Егер бағаны өзгертуге сұрау салынған күннен бастап курс жетекшісі мен студент арасындағы келісімге сәйкес баға қойылмаса, онда «I» деген баға «F» деген бағаға өзгереді.

5) Студентте «I» деген баға болғанда, оған ешбір жағдайда дәреже берілмейді.

19. Орындалу барысында (IP, IPS, IPU). «IP» бағасы бірнеше академиялық кезеңге созылатын пәндер үшін аралық баға ретінде қойылады, әдетте бұл ғылыми жобалар немесе ғылыми жұмыстар.

1) жағдайларға қарай соңғы әрпі немесе P/F деген баға жазылады.

2) «IP» деген баға бір академиялық кезең шеңберінде оқытылатын курстар үшін қолданылмайды.

3) IPS/IPU деген бағалар ағымдағы жұмыстың қанағаттанарлық/қанағаттанарлықсыз екенін көрсетеді және олар студенттердің академиялық үлгерім деңгейін айқындау үшін пайдаланылуы мүмкін.

4) «I» деген бағаны «IP» бағалау жүйесі бар курс үшін пайдалануға болмайды.

20. Оқудан шығару (W). «W» деген баға студенттің пәннен шеттетілгенін және оның талаптарын орындамағанын білдіреді.



1) «W» деген баға автоматты түрде қойылады. «W» деген баға қойылған кезде оқытушы басқа бағаны қоя алмайды.

2) «W» деген баға студенттің CGPA есебіне енгізілмейді және бағдарламаны аяқтауға қойылатын талаптарды орындау кезінде ескерілмейді.

11. Баға қою

21. Қорытынды бағалар. Қорытынды бағалар әр пән бойынша әрбір студентке белгіленген бағалау кезеңінің (блогының) соңында қойылады. НУММ курсынан өткен барлық студенттерге РН/Р/Ф бағалары қойылады.

11. Бағаларды ұсыну

22. Блок жетекшілері барлық қорытынды бағаларды РО сайтында орналастырылған Академиялық күнтізбеде көрсетілген бағаларды ресми ұсыну күнінің түн ортасынан кешіктірмей ұсынуы тиіс. Мектеп барлық бағаларды студенттердің ақпараттық жүйесіне Академиялық күнтізбеде көрсетілген күнге қарай енгізеді. Жекелеген курстар бойынша бағаларды хабарлауды курс жетекшілері жүзеге асырады.

12. Академиялық үлгерім/мәртебе

23. Үлгерім деңгейін ұстап тұру үшін «Медицина докторы» бағдарламасының студенттері бағдарламаның әрбір блогы бойынша өту балын алуы және кәсіби жүріс-тұрыстың жағымды көрсеткіштеріне ие болуы тиіс. Студенттің үлгерімі мен мәртебесі бағдарламаның әрбір блогы аяқталғанда тексеріледі және келесі академиялық жылға ауысу Курс комитеті қарағаннан кейін, үлгерім көрсеткіштерін ОБК мен САК бекіткеннен кейін және НУММ Деканының қорытынды мақұлдағаннан кейін рұқсат етіледі.

24. НУММ студенттерден олар дәреже алу үшін қанағаттанарлық академиялық үлгерімді сақтайды деп күтеді (алдыңғы бөлімдерде сипатталғандай).

Академиялық сынақ мерзімі. НУММ студенттерге академиялық сынақ мерзімін бермейді, студентті 37-тармақта сипатталғандай ауыстыру процесі арқылы өткізеді.

13. Блок үшін қорытынды бағаны өзгерту

25. Блок соңында студенттің блок жетекшісінің оған берген бағасы нақты блок үшін студенттің қорытынды бағасы болып табылады. Қорытынды бағалар («Аяқталмаған» және «Орындалу барысында» деген бағаларды қоспағанда) түпкілікті болуы тиіс. Қателесуді немесе қате санауды қоспағанда, курс жетекшісі де, блок жетекшісі де бағаны өзгерте алмайды.



26. Әкімшілік бағалауды блок жетекшісі НУММ Деканының мақұлдауымен және РО келісімі бойынша өзгерте алады.

14. Бағаға шағымдану

27. Бағаға шағымдану. Магистратура мен докторантураның барлық студенттері қате деп санайтын кез келген бағаға шағымдануға құқылы. Қате мынадай критерийлердің біріне негізделуі тиіс:

- 1) есептеу кезіндегі қате;
 - 2) курс силлабусында көрсетілген бағалау саясатын пайдаланудағы қателік;
 - 3) деректер базасына бағалардың дұрыс енгізілмеуі;
 - 4) бағалаудың «I» деген бағасы;
28. Бағалауға шағымдану процесі.

Студент бірінші кезекте даулы баға алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде курс жетекшісімен кеңесуі тиіс.

2) Курс оқытушысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарап, бағаны өзгерту туралы өтініш беруі немесе сұратуды қабылдамауы тиіс.

3) Егер студент бұрынғысынша бағамен келіспесе, ол курс жетекшісінен бас тартуды алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Деканның немесе вице-деканның атына шағым беруге құқылы.

4) Декан немесе вице-декан шешім қабылданғанға дейін курс жетекшісімен кеңесуі тиіс; Деканның немесе Вице-деканның шешімі түпкілікті болып табылады.

29. Курстың қорытынды бағасына шағымдану.

1) Студент MyRegistrar жүйесінде бағалар жарияланған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бірінші кезекте курс және блок жетекшілерімен кеңесуі тиіс. Курстың қорытынды бағасына шағым жасау уақытын есептеу үшін қолданылатын күн – бұл академиялық күнтізбеге сәйкес студенттердің бағаларын көруге рұқсат берілетін күн.

2) Курс жетекшісі студентке келесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап беруі тиіс. Егер студент қорытынды баға алғаннан кейінгі кезеңде курс жетекшісі болмайтын болса, Декан бұл мерзімді ұзарта алады.

3) Егер студент сол күйі бағамен келіспесе немесе курс жетекшісі/бағдарлама директоры 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, ол келесі күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Деканның немесе Вице-деканның атына апелляция беруге құқылы.

4) Декан немесе вице-декан шешім қабылданғанға дейін курс жетекшісімен кеңесуі тиіс. Егер Декан немесе вице-декан шағымды қанағаттандыру туралы шешім қабылдаса, ол Офис ұсынған нысандарды қолдана отырып, жаңа баға жөнінде Офиске хабарлайды.

5) Деканның немесе Вице-деканның шешімі түпкілікті болып табылады.

15. Курстан қайта өту



30. Бағдарлама бойынша одан әрі оқуға мүмкіндік бермейтін баға алған медициналық мамандық студенттері ОБК мақұлдауымен курстан қайта өтуге жіберілуі мүмкін.

31. Курстан қайта өткен жағдайда алынған екі баға да студенттің транскриптінде көрсетіледі.

16. Оқу мерзімін ұзарту

32. «Медицина докторы» бағдарламасының бекітілген жобасында көрсетілген мерзімнен тыс оқу мерзімін ұзарту көзделмеген.

17. Аттестаттау және бағалау жүйесі

33. НУММ «Медицина докторы» бағдарламасы бойынша аттестаттау қағидаттары:

НУММ-де аттестаттау соңғы екі онжылдықта жүргізілген медициналық білім беру саласындағы ауқымды зерттеулерден алынған бірқатар қағидаттарға негізделген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, аттестаттау практикасы бұрын жиі ақаулы болғаны және университеттің дәстүрлі аттестаттау жүйелері қазіргі заманғы медициналық білім беру бағдарламаларында жиі кездесетін құзыреттілікке, нәтижеге бағытталған кәсіптік бағдарламаның оқу жоспарларына жарамайтыны белгілі болды. Барлық бағалар болжамды оқыту нәтижелерімен (БОН) схема арқылы салыстырылады. «Медицина докторы» оқу бағдарламасы біріктірілген блоктар түрінде ұйымдастырылған, сондай-ақ аттестаттау да біріктірілген.

34. Студенттерді ауыстыру жөніндегі нұсқаулық:

Қолданыстағы аттестаттау жүйесі аясында оқытушы-профессорлар құрамы өздері ұстануға тиіс белгілі бір академиялық бағыттарды белгілеуі керек. Алайда, бұл қағидаттар түпкілікті емес. Студенттер әр курс үшін бір балл алады. Бұл бағалауды тек САК қана айқындайды. САК осы бағалар негізінде ауыстыру туралы шешім қабылдайды және студентті оқудан шығаруды ұсыну үшін дауыс бере алады немесе студенттен бір жыл немесе блок немесе курс үшін қайта оқуды немесе (егер курс жетекшілері ұсынса) курсты қайта тапсыруды талап ете алады. Оқу мерзімін «Медицина докторы» бағдарламасы үшін бөлінген стандартты 4 жылдан тыс ұзартумен байланысты кез келген шығындарды студент көтереді. САК тәсілдемесі сындарлы сипатқа ие және студенттерді мүмкіндігінше ауыстыру жолдарын іздеуге бағытталғанын айта кеткен жөн. Комитет Медицина мектебіне талапкерлерді мұқият іріктеу студенттердің шығынын барынша азайтуға мүмкіндік береді деген қағидатпен келіседі. Алайда, сайып келгенде, студенттің дәрігер болу үшін қажет болатын кәсіптік стандарттарға сай келетіндігін айқындау жауапкершілігі САК-қа жүктеледі.

35. Блоктан, курстан өтпеген немесе қандай да бір себептермен практикадан өтпеген студенттердің жағдайлары жеке қарастырылады. САК кемшіліктерді ішінара жоюға жол бермеуі тиіс. Академиялық қарызы бар



студенттерді бағалау кезінде САК студенттің курстағы барлық жұмыстар бойынша үлгерімін және студенттің медициналық практикаға жалпы дайындығын ескеретін болады.

36. Студенттерді ауыстыру процесінің ерекшелігі НУММ академиялық қағидалары мен рәсімдеріне сәйкес келеді. Ауыстырудың басшылыққа алынатын қағидастары мынадай: Медицина мектебінде кейінгі оқу жылдарына ауысу үшін студент әр жылға арналған әрбір блоктан өтуі тиіс. НУММ барлық курстар үшін «Сынақтан өтті/Сынақтан өтпеді» моделін қолданады. Әрбір емтиханды тапсырудың шекті пайызы есептеудің стандартты әдісімен айқындалатын болады.

37. Студенттерді ауыстыру процесі: САК мүшелерінің жиналысы курс бойынша студенттердің үлгерімін ресми қарау үшін әр курстың соңында өткізіледі. Курсты тапсырмаған немесе қарызы жоқ студенттердің ісі былайша қарастырылады:

1) қарыз болған жағдайда: келесі оқу жылы басталғанға дейін кез келген уақытта қарыздарды жауып, келесі курсқа көшу;

2) курсты тапсырмаған жағдайда: егер келесі оқу жылы басталғанға дейін кез келген уақытта курс бойынша қарызды жапқан кезде блок бойынша жалпы өту балына қол жеткізілсе, келесі курсқа көшу;

3) курсты тапсырмаған жағдайда: егер нәтиже өту бағасынан 10% төмен болса, келесі оқу жылы басталғанға дейін кез келген уақытта өтпеген курс үшін емтиханды қайта тапсыру.

38. САК жиналыстары әр оқу жылының соңында мынадай мәселелерді қарау үшін де өткізіледі:

1) барлық курстардан өткен студенттер келесі академиялық жылға ауыстырылады;

2) курстар немесе блоктар бойынша біреуден артық қарызы бар студенттерге қатысты комиссия мынадай нұсқаларды қарастырады:

қарызды түзету кезіндегі блок ішіндегі өтемақы: блоктан өту үшін студенттер блок ішіндегі әр курс үшін өту балымен және салмағымен (яғни оқу сағаттарымен) айқындалатын барлық блокқа арналған өту балынан жоғары балл жинауы тиіс;

блок шегінде өтей алмау: келесі оқу жылының басына дейін емтихан(дар)ды қайта тапсыру;

3) егер қайта тапсырылған емтиханның (емтихандардың) нәтижелері қанағаттанарлық болса, онда студентке келесі жылға өтуге рұқсат етіледі;

4) егер қайта тапсырылған емтиханның (емтихандардың) нәтижелері қанағаттанарлықсыз болса: студентке келесі жылға өтуге рұқсат етілуі мүмкін, бірақ аяқталмаған курстың (курстардың) мазмұны туралы қанағаттанарлық білімін көрсету үшін одан әрі түзету шаралары қажет. Қайта тапсырылған емтиханның (емтихандардың) нәтижелері қанағаттанарлықсыз болғанда: студент келесі жылға ауыстырылмайды және осы жылдың бағдарламасынан қайта өтуі тиіс.



39. Курс / жыл ішінде сынақтаудан қайта өте алмау «Медицина докторы» бағдарламасынан шығаруға әкелуі ықтимал.

40. Курстың кез келген жұмысы бойынша «Аяқталмаған» деген баға қанағаттанарлық бағаға түзетілуі тиіс. «Аяқталмаған» деген бағаны түзету жеке курс жетекшісімен келісілуі тиіс. «Incomplete» деген бағаны түзетпейтін студенттер САК-қа жіберіледі. САК курс жетекшісінің нұсқауларына сәйкес түзетуді ұсынатын болады. Қарыздарды жою аяқталғаннан кейін мынадай нұсқалар қарастырылады:

1) Қарызды сәтті жойғаннан кейін студентке келесі оқу жылына өтуге рұқсат етіледі;

2) Қарызын сәтті жоя алмаған студентке келесі оқу жылына өтуге рұқсат етіледі – бірақ курсты қайталағаннан кейін. МД бағдарламасын ұзартумен байланысты кез келген шығындарды студент өтеуі тиіс;

3) Қарызын сәтті жоя алмаған студентке келесі оқу жылына өтуге рұқсат етілмейді – оған екінші оқу жылына қалу қажет болады.

41. Қарыздарды жою:

Студенттің академиялық қарыздарын жоюын курс жетекшісі айқындайды. Академиялық қарыздарды жою соңында курс жетекшісі құжатталған деректерді дайындайды, онда академиялық қарыздарды жоюдың егжей-тегжейлі деректері мен нәтижелері көрсетіледі. Курс жетекшісі есепті САК пен ОБК-ға жібереді.

1) Блок шегіндегі өтемақы (елеусіз):

Егер студент курстың жалпы өту балының 2%-нан кем балл жинаса (бағалаудың әртүрлі компоненттерін айқындау бойынша), онда бұл, егер студент блоктың бір немесе одан да көп курсынан өту балынан жоғары балл жинаса және курс бойынша жалпы өту балына ие болса, **рұқсат етілген сынақтама** болып саналады.

2) Блок шегіндегі өтемақы:

Егер студент курстың жалпы өту балынан 2%-дан 10%-ға дейін төмен жинаса, онда ол қарызын өтеуі тиіс. Қарыздарды жою форматын курс комитеті айқындауы тиіс.

Қарыздарды сәтті жойғаннан кейін курс жетекшісі құжаттама бөлімінің жетекшісіне ұқсас есепті, оның ішінде академиялық қарызды жойғаннан кейін алынған жаңа жалпы балды ұсынуы тиіс. Алдыңғы баға мен алынған жаңа баға тіркеледі. Егер студент екінші талпыныста да академиялық қарызын сәтті жоя алмаса, онда ол курс бойынша барлық емтихандарды қайта тапсыруы тиіс.

Егер студент курс емтиханын сәтті тапсырса, курс жетекшісі бұл жөнінде бағаны өзгерту үшін блок жетекшісіне хабарлауы тиіс. Алдыңғы баға мен алынған жаңа баға тіркеледі.

Блок (блоктар) бойынша барлық курстардан өткен студент келесі оқу жылына ауыстырылады.

3) Емтихандарды қайта тапсыру:



Курс (курстар) бойынша жалпы өту балының 10%-ын құрайтын немесе одан төмен кез келген балмен сынақтан өтпеу блоктың ішінде өтелмейді және емтиханды қайта тапсыру қажет.

Егер студент емтиханды қайтадан тапсыра алмаса, бірақ блоктың алдыңғы курстарында жақсы үлгерім көрсеткен жағдайда, оған блоктың келесі курсына өтуге рұқсат етіледі. Содан кейін студентке курс жетекшісімен келісе отырып, жеке оқу сағаттары, сондай-ақ емтиханды курс жетекшісімен келісілген қолайлы күндерде қайта тапсыру ұсынылады. Қайталама емтихан бойынша барлық емтихан сұрақтарының саны бастапқы емтихан сұрақтарына ұқсас болуы тиіс. Сұрақтар стандартты сұрақтар тобынан алынуы тиіс, ал өту пайызы бастапқы емтиханмен бірдей болуы тиіс. Ешқандай жағдайда курс жетекшісі бастапқы емтиханда қолданылатын сұрақтар жиынтығын қоспауы тиіс. Сұрақтардың кем дегенде үштен бірі жаңа сұрақтардан тұруы тиіс.

Курстың қайталама емтиханын сәтті тапсырған студент келесі оқу блогына/жылына ауысады.

Емтиханды екінші рет тапсыра алмаған студент екінші оқу жылына қалады. Қайталама оқу жылы бойынша барлық шығындарды студент өтейді.

Блок курстарының 50%-на дейінгі өту балынан 10% немесе одан төмен қанағаттанарлықсыз баға алған студент оқудың екінші жылына қалуы тиіс.

Егер блоктағы курстардың саны 3 немесе 5 немесе 7 болса, онда аяқталмаған курстардың пайызын шамамен айқындау кезінде аяқталмаған курстардың ұзақтығы ескерілуі тиіс. Жағдайға қарай бұл курстардың жұп санына да қатысты болуы мүмкін.

Екінші оқу жылына қалған және жақсы үлгерімі жоқ студент «Медицина докторы» бағдарламасынан шығарылуы тиіс.

Мерзімдер: Қазіргі уақытта барлық блоктар жылына бір рет ұсынылады, сондықтан блоктың ортасында курстың қайталануы қарауды қажет ететін міндеттерге әкеледі. Курстың немесе блоктың қайталануы техникалық түрде жылдың қайталануына әкеледі. Сондықтан мынадай қағидалар қолданылады:

Өтемақы және қайталама емтихандар бойынша барлық іс-шаралар курс(тар) ұсынылған блок аяқталғанға дейін жүзеге асырылуы тиіс. Курс жетекшісі студентпен (студенттермен) бірге тиісті уақыт шеңберін әзірлеуі тиіс.

Ауысу және/немесе жылды қайталау туралы шешімдер тек оқу жылының соңында қабылдануы тиіс.

42. 3-ші және 4-ші жылдағы практика.

Әр медициналық практиканың соңында бірнеше таңдауы бар жазбаша тест (жалпы бағалаудың 20%-ы) медициналық практика аясында өтелуі мүмкін және егер нәтижелер өту балынан төмен болса, академиялық қарыздарды жою жоспарын курс жетекшісі жүзеге асыра алады.

Егер студент 3-ші оқу жылында бір және одан да көп медициналық практикадан өтпесе, ол 4-ші оқу жылында медициналық практика басталғанға дейін медициналық практиканы(практикаларды) қайталауы тиіс. Егер бұл



мүмкін болмаса, ол 3 жыл ішінде бүкіл медициналық практиканы қайталауы тиіс.

Егер студент 4-ші оқу жылында бір немесе одан да көп медициналық практикадан өтпесе, ол оқу аяқталғанға дейін медициналық практиканы(практикаларды) қайталауы тиіс.

18. КУРСТЫҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ КУРСТЫ БАҒАЛАУ

43. «Курсты бағалау» дегеніміз нақты құралдарды қолдануға қарамастан, кез-келген курс бойынша студенттің оқуын ресми және жалпы бағалауды білдіреді. Курс жетекшісі таңдай алатын бағалау түрлері өте икемді. Емтихандар, сондай-ақ қорытынды емтихандар сабақтағы емтихандарды, үй тапсырмасына берілген эсселер, ауызша емтихандарды немесе презентацияларды немесе ғылыми жұмыстар немесе жобалар сияқты басқа балама құралдарды немесе студент бағаланатын материалдар бойынша бағалау түрлерінің, ғылыми еңбектердің немесе жобалардың сәйкестігімен реттелетін осыған байланысты комбинацияларды қамтуы мүмкін.

19. Қорытынды емтиханды өткізу тәртібі

44. Емтихандарды өткізу рәсіміне қатысты барлық қағидалар студенттерге емтихан басталғанға дейін түсіндірілетін болады.

45. Әрбір студентке курс жетекшісінің қатысуымен қорытынды емтихан бойынша түзетілген, бағаланған жұмысын қарауға рұқсат етіледі. Студентке қайтарылмаған қорытынды емтихан жұмысы кейінгі ықтимал шолу үшін курс жетекшісінде бір жыл сақталатын болады.

20. Емтихан саясатының ережелері

46. Емтихандар тілі басқа тілді оқытатын немесе қазақ немесе орыс тілдеріне аудару үшін арнайы жасалған курстардың белгілі бір жағдайларын қоспағанда, ағылшын тілі болып табылады.

47. САК пен ОБК талқылап, бекіткеннен кейін жекелеген курстардың нәтижелерін хабарлауды курстардың тиісті жетекшілері Moodle арқылы жүзеге асыратын болады.

48. Емтиханға немесе академиялық бағалаудың басқа түріне алдын ала мақұлданбай қатыспаған студенттер емтиханға қатыспағандар ретінде белгіленеді және емтихан тапсыруға тырысқандар ретінде қарастырылады. Емтиханға рұқсатсыз қатыспаған студенттерге емтихан үшін 0 (нөл) деген баға қойылады. Бағалаудың басқа нысандарында жоқ студенттер немесе белгіленген мерзімде бағалау үшін курстық жұмыстарды тапсырмайтын студенттер бағалаудың осы түрі бойынша 0 (нөл) деген баға алады.

49. Қажетті құжаттармен расталған аурудың салдарынан немесе Мектепте рұқсат етілген басқа да себептермен емтиханға жіберілмеген



студент Мектепке бағалауды кейінге қалдыру туралы өтініш бере алады. Бағалауды әдеттегі тәртіппен кейінге қалдыру емтиханның 48 сағаты ішінде сұратылады. Бағалауды кейінге қалдыру курс жетекшісімен келісілуі тиіс, бірақ кез келген жағдайда кейінге қалдырылған бағалау келесі семестрдің екінші аптасының аяқталуынан кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс. Студентке емтихан тапсырғанға дейін және қорытынды баға қойылғанға дейін «I» деген баға беріледі. Егер студент кейінге қалдырылған бағалауға арналған сабақтардан өтпесе, онда «Аяқталмаған» деген баға жоғарыда аталған «Аяқталмаған» деген бағалау рәсімдеріне сәйкес автоматты түрде басқа бағаға өзгертіледі.

21. Студенттердің емтихандағы мінез-құлық қағидалары

50. Студент емтихан залына кірген кезде қолданыстағы НУ студенттік билетін ұсынуы және емтихан кезінде оны үстелге қоюы тиіс.

51. Студенттер емтихан алушылардың, бақылаушылардың, прокторлардың немесе емтихандарды өткізуге жауапты басқа адамдардың барлық нұсқауларын сақтауы тиіс. Соның ішінде, атап айтқанда:

1) емтихан залындағы бақылаушылардан басқа біреумен сөйлесуге тыйым салынады;

2) студенттерге ұялы телефондарды, пейджерлерді немесе кез келген хабарлама жіберу құрылғыларын пайдалануға тыйым салынады;

3) студенттер емтиханға бөлінген уақыт аяқталғанға дейін жұмысты аяқтауы тиіс. Тапсырманы емтиханға бөлінген уақыт өткеннен кейін орындау қағидаларды бұзу болып саналады;

4) көмек ретінде жауап беру де, жауап алу сияқты бұзушылық болып саналады. Басқаларға көмек ретінде жауап беретін студенттерге қатысты, сондай-ақ жауап алатын студенттерге қатысты тәртіптік шара (жаза) көзделген;

5) емтихан тапсыруға рұқсат етілген материалдарды реттейтін қағидаларды НУММ және курстың жекелеген жетекшісі ОБК-ға сәйкес әзірлеп енгізеді;

6) плагиатқа барлық түрде тыйым салынады (Студенттердің мінез-құлық кодексі және тәртіптік рәсімдерді қараңыз).

52. NUSOM-да студенттерге курс бойынша бітіру емтихандарын қайта тапсыруға мүмкіндік беретін жүйе бар (бұрын сипатталған және осында жинақталған); мұндай қайта тапсыру курс жетекшісінің тиісті курс жетекшісінің, САК және ОБК мақұлдауын қажет етеді.

22. Медицина докторы дәрежесін алуға қойылатын талаптар



53. «Медицина докторы» бағдарламасын аяқтау үшін студенттер төрт жыл бойы белгіленген курстардан өтуі тиіс.

54. «Медицина докторы» бағдарламасын сәтті аяқтау студенттен әрқайсысы негізгі бағалау сәтімен сипатталатын бірқатар жекелеген кезеңдерден өтуді талап етеді. Қажетті кезеңдер:

- 1) бағдарламаға қойылатын талаптарға сәйкес келетін өтініш;
- 2) бағдарлама бойынша барлық қажетті курстық жұмыстарды орындау;
- 3) біліктілік емтихандарындағы қанағаттанарлық үлгерім.

23. Сыртқы емтихан алушылар

55. НУММ сапаны қамтамасыз ету үдерісі шеңберінде сыртқы емтихан алушыларды тартуға құқылы. Сыртқы емтихан алушыларды жалдау тәртібін НУММ айқындайды және ол Университеттің қағидаларымен және нормативтік құжаттарымен реттеледі. НУММ осындай қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажет болатын сыртқы емтихан алушылардың қызметтерін қамтамасыз етеді.

24. Академиялық мінез-құлық кодексі

56. НУ курс жетекшілерінің, курсты оқытуға қатысатын ОПҚ мүшелерінің және студенттердің пікірлерін еркін білдіру қағидатын ұстанады. Университет курс жетекшісінің сабақ беру, ал студенттердің білім алу құқығын қолдайды. Бұл құқықтарды іске асыруға кедергі келтіретін кез келген әрекетке тыйым салынады. Біз студенттер:

1) сабаққа кешігусіз қатысуды (курс жетекшілері кешігіп келген студенттерді сабаққа кіргізбейді);

2) сабақ аяқталғанға дейін дәлелді себептермен кету қажеттігі туралы курс жетекшісін алдын ала ескертуді;

3) ұялы телефондар мен электрондық құрылғыларды өшіріп қоюды (курс жетекшілері өшірілмеген ұялы телефондарды сабақ аяқталғанға дейін алып қоюға құқылы);

4) арнайы тапсырмаларды қоспағанда, сабақ барысында басқа студенттермен сөйлесуге тыйым салынады (курс жетекшілері осы қағиданы бұзған студенттерден аудиториядан шығып кетуін талап етуге құқылы);

5) сабақ уақытында шу шығаруға және басқаларды алаңдатуға тыйым салынады;

6) курс жетекшілеріне және басқа студенттерге құрметпен қарауды;

7) басқалардың пікірлері мен көзқарастарын, тіпті олармен келіспеген жағдайда да, қадірлеуді сұраймыз. Бұл қағидалар барлық білім беру процестерінде, аудиторияда дәрістер, сабақтар, консультациялық іс-шаралар мен сыныптан тыс басқа да жұмыстарды өткізу кезінде қолданылады.



57. Қосымша арнайы мінез-құлық қағидалары НУ Студенттердің мінез-құлық кодексінде және тәртіптік рәсімдерінде берілген.

58. Студенттер барлық сабақтардан қалмайды деп күтіледі. Әрбір Курс жетекшісі студенттердің Курс жетекшісі белгілеген және Университет пен Мектепте белгіленген сабаққа қатысу қағидаларының талаптарына сәйкес сабаққа қатысу қағидаларын сақтау үшін жауапты болады. Әрбір курс жетекшісі сабаққа қатысу, курстың мақсаттары мен студенттердің бағалары арасындағы қатынасты белгілейді. Курс жетекшісі студенттерді семестрдің басында сабаққа қатысу қағидалары және сабаққа қатысу бағаларға қалай әсер ететіні туралы хабардар етуі тиіс. Студенттер өзі тіркелген әр курстың сабаққа қатысу қағидаларымен танысуы тиіс. Студенттің сабаққа қатыспау туралы кез келген өтініші Студенттік істер жөніндегі департаментке курс жетекшісі мен НУММ Деканының мақұлдауымен демалыс туралы сұрау нысанын толтыру арқылы жіберілуі тиіс. Курс жетекшісі белгілеген сабаққа қатысу қағидаларын бұзу қорытынды бағалауға әсер етуі мүмкін, оның ішінде Курс жетекшісі студентті оқудан шығаруға бастамашылық ете алады. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда, мәселе түпкілікті шешім қабылдайтын НУММ Деканының қарауына берілуі тиіс;

59. Студенттер Курс жетекшісінің сабақ өткізуіне немесе басқа студенттердің білім алуына кедергі жасамауы тиіс. Курс жетекшілері өз қалауы бойынша тәртіпті бұзу мәселесін шешу үшін қағидалар әзірлеп, енгізуі тиіс.

60. НУ-да плагиатқа және академиялық бұзушылықтардың басқа түрлеріне қатысты қатаң қағидалар қолданылады. Кез келген оқу орнында плагиат академиялық адалдыққа жатпайтын және жалған көрініс ретінде қаралады, алайда бұл көбіне дипломнан кейінгі білім беруге қатысты болады. Плагиаттың немесе академиялық бұзушылықтың кез келген түріне қатаң жаза қолданылады.

25. Медицина мамандығы студенттерінің Кәсіптік этика кодексі

61. НУММ студенттері Қосымшаға сәйкес НУММ Кәсіптік этика кодексінің қағидаларын сақтауы тиіс.

62. Бұзушылықтар:

1) Студенттер Студенттердің мінез-құлық кодексін және Университеттің тәртіптік рәсімдерін басшылыққа алады.

2) Кез келген студенттің тәртіптік жазаны қажет ететін кез келген кәсіптік немесе академиялық теріс қылықтары мынадай үш санаттың біріне жатады: А, В немесе С.

3) А санатына жататын барлық тәртіптік шараларды курс комитеті қарайды. В немесе С санатына сәйкес ұсынылған кез келген тәртіптік жаза НУММ ОБК-ға келісу үшін жіберілуі тиіс. Әдетте басқа университеттік бағдарламалар аясында жұмсақ тәртіптік жазалар қолданылатын кейбір қателіктер медициналық факультетте ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін және



Студенттердің мінез-құлық кодексі мен Университеттің тәртіптік рәсімдері аясында анағұрлым ауыр тәртіптік жазаға қолданылуы мүмкін.

26. Академиялық демалыс, оқудан шығару және өз еркімен оқудан шығу

63. Студенттер өз қалауы бойынша НУ студенттеріне арналған Академиялық демалыс беру, оқудан шығару және өз еркімен оқудан шығу қағидаларын сақтауға міндетті.

27. Медицина мамандығы студенттерінің киім үлгісі

64. Медициналық-санитариялық пәндердің студенттері, қызметкерлер мен практик дәрігерлер сыртқы келбетіне, соның ішінде киіміне үлкен мән беруге міндетті. Бұл коммуникативтік және мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, инфекциялардың таралуын болдырмау үшін қажет. Бұл құжатта бірінші кезекте пациенттің денсаулығы және студенттерді медицина қызметкерлерінің кәсіптік қызметіне дайындау кезіндегі білім беру мақсаттары ескеріле отырып, көрсетілетін қызметтер мен қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін ұстану қажет киім үлгісіне және сыртқы түріне қойылатын талаптар қамтылады. Пациенттің медициналық қызмет көрсетушіге деген сенімі емдеудің сәтті тәжірибесі мен оның нәтижелері үшін өте маңызды. Науқастарға оларға күтім көрсетушілердің киімдері мен сыртқы келбеті арқылы берілетін хабарлама осы сенім мен сенімділікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Студенттер өздерінің ықтимал консервативті пациенттерінің мәдени ерекшеліктерін ескеріп, өздеріне құрмет көрсетуге, олардың сенімін қамтамасыз етуге және өздерін жайлы сезінуіне жағдай туғызуы тиіс. Медицина мамандығының студенттері киімнің, боди-арттың, пирсингтің соңғы үрдістеріне еліктемегені жөн, өйткені кейбір пациенттер ондайды қабылдамайды.

65. Жалпы стандарттар:

1) Студенттер өзара әрекеттесетін барлық адамдарға көрініп тұратын аты-жөні көрсетілген бейджерді үнемі тағып жүруі тиіс. Зерттеу көрсеткендей, адам амандасу үшін оң қолын ұсынған кезде бейдж оң жақта болса, қол алысып амандасу кезінде оның бейждегі аты-жөнін оқу ыңғайлы болады.

2) Жеке гигиена ережелерін үнемі сақтау қажет. Бұған су процедуралары, дезодоранттар/антиперспиранттарды қолдану және ауыз қуысының гигиенасы кіреді.

3) Студенттер күшті иіссу немесе одеколон қолданбаған жөн (бұл аллергиясы бар немесе аса сезімтал науқасқа жақпай қалуы мүмкін).

4) Косметиканы қалыпты мөлшерде қолдану қажет.

5) Пирсинг пен татуировкалар көрінбейтін жерде болғаны жөн.

66. Шаш күтімі:

1) Шаш таза әрі ұқыпты болуы тиіс.



2) Шаштың түсі табиғи реңкте болуы тиіс (жасыл, күлгін, көк, қызғылт және т.б. емес). Осы ережені бұзған студенттерден шаштың түсін дереу өзгерту талап етіле алады.

3) Шаш бет пен көзге түсіп тұрмауы тиіс.

4) Ұзындығы иыққа дейінгі шаштарды пациенттерге және жұмысқа кедергі келтірмеу үшін жинап жүру қажет.

5) Білім алушылар мойын орауыш немесе лента тақпағаны жөн (егер бұл мәдени дәстүрге сәйкес келмесе).

6) Ер жынысты студенттердің шашы қысқа болуы тиіс (ұзын шаш, жиналмаған шаш үлгісіне жол берілмейді).

7) Сақал-мұрт ұқыпты қиылуы тиіс.

67. Зергерлік әшекейлер:

1) Студенттер зергерлік бұйымдарды аз тағуы тиіс (бұл жұқпалы инфекцияның ықтимал қаупін тудырады).

2) Мыналарға рұқсат етіледі: сағат, төрт сақинаға дейін тағу, кішкентай сырғалар (үлкен сырғалар назар аударарды және ілігіп қалуы мүмкін), академиялық белгішелер, басқа белгішелер, бейджер немесе марапаттар, қарапайым білезіктер мен алқалар.

68. Киім, аяқ киім және қол күтімі:

1) Киім таза, кәсіпке сай үлгіде және жақсы күйде болуы тиіс.

2) Ерлерге ұсынылатын киім үлгісі: шалбар, жейде және іскерлік стильдегі галстук.

3) Әйелдерге ұсынылатын киім үлгісі: көйлектер, ұзындығы орташа белдемшелер, шалбарлар, жейделер немесе бизнес үлгідегі жейделер.

4) Аяқ киім ыңғайлы, таза және жақсы күйде болуы қажет.

5) Егер жейделердің етегі ұзын болса (туника), оларды сыртқа шығарып киюге рұқсат етіледі.

6) Тырнақ таза әрі қысқа болуы керек. Әйелдер үшін жұмсақ лак түстері қолданылған маникюр қолайлы. Жасанды тырнақ жалғауға жол берілмейді.

69. Ақ халат:

1) Мектеп 1-ші және 3-ші жылдың басында логотипі бар ақ халат береді.

2) Ақ халат таза және үтікелген болуы тиіс.

3) Оны тиісті жағдайларда (зертханалық жұмыстар кезінде, стандартталған пациенттермен жұмыс істегенде, пациенттерді қарау және модельдеу кезінде) кию қажет.

4) Дәрістер кезінде ақ халатты кимеген жөн.

5) Әр оқушыда үлгісі мен ұзындығы ұқсас келетін, логотипсіз екінші халат болуы тиіс.

70. Хирургиялық халаттар:

1) Оларды тек пациенттерге күтім жасаудың арнайы аймақтарында (Медицина мектебінде емес) кию қажет.

2) Егер хирургиялық халат осы аймақтардан тыс жерде қажет болса, ол таза болуы тиіс, және оның үстінен ақ түсті таза зертханалық халат кию қажет.



Бахилалар, маскалар және шашқа арналған бас киімдер диспансерлік аймақтан шығар алдында шешілуі тиіс.

3) Ластанған немесе жыртылған хирургиялық халаттарды мүмкіндігінше тезірек ауыстыру керек (ол ластану көзі болып табылады).

71. Аурухана немесе клиника жағдайында мынадай заттарға қатаң тыйым салынады:

1) Сандалдар немесе ашық аяқ киім, биік өкшелі аяқ киім немесе тоқыма аяқ киім киюге (қан немесе инелер мата арқылы өтіп кетуі мүмкін).

2) Қысқа топтар, футболкалар, үстіңгі жағы мөлдір немесе селдір келетін, өңірі ашық киімдер, шорты, жаттығу футболкаларын немесе жемпір киюге.

3) Үлкен түймелері немесе түйреуіштері бар киім киюге (жұмысқа кедергі келтіруі мүмкін, инфекция көзі болуы мүмкін немесе пациенттермен өзара әрекеттесу кезінде қадалып қалуы мүмкін).

4) Өңірі тым ашық (декольте) немесе қиығы тым үлкен келетін киім киюге жол берілмейді. Тоқылған көйлек киюге рұқсат етіледі.

5) Легинсы, джинсы немесе түрлі-түсті шалбар, шорты, бридж, лосины және спорттық киім (трико және спорттық костюмдер) киюге жол берілмейді.

28. Дәреженің күшін жою

72. Академиялық бұзушылық анықталған жағдайда, Университет берілген дәреженің күшін жою құқығын өзіне қалдырады.

73. Бұрынғы студенттің дәрежесі жойылған кезде бұл дерек ресми түрде жарияланады.

29. Қорытынды ережелер

74. Осы Қағидаларда қарастырылмаған мәселелер Университеттің ішкі саясаты мен қағидаларына, сондай-ақ Анықтамалықтарға сәйкес реттеледі.



**«Медицина докторы»
бағдарламасының академиялық
қағидалары мен рәсімдеріне
қосымша**

НУММ студенттерінің Кәсіби этика кодексі

1. Кіріспе

1. НУММ студенттері ретінде біз жеке және кәсіптік тұтастық медициналық практика үшін де, күнделікті өміріміз үшін де өте маңызды екенін мойындаймыз. Сондай-ақ, жеке және кәсіптік мәселелер біздің мансабымызға әр кезде біздің адалдығымызға сын бола алатындығын түсінеміз. Мұндай сынға қарсы тұру үшін біз НУММ студенттерінің Кәсіби кодексін жасадық, ол осы қоғамдастықтың құндылықтарын және ондағы біздің міндеттерімізді нақты айқындайды. Бұл өте қарапайым негізгі құндылықтар: сенім, адалдық және құрмет. Біз бір-бірімізге және пациенттерімізге деген құрметімізді сақтауға және көрсетуге ұмтылатын Кәсіби шеберлік кодексінің стандарттары мен міндеттерін сақтау үшін жауапкершілікті өз мойнымызға аламыз.

2. Сенім, адалдық және құрмет атмосферасын сақтау үшін біз ыңғайсыз жағдайларды еңсеруге дайын болуға тиіспіз. Біздің дайындығымыздың бір бөлігі біздің қағидаттарымызды бұзатын және біздің қоғамның тұтастығына қауіп төндіретін адамдарға қарсы тұруға үйрену болуы керек. Бұл қиын болса да, біз бұл жауапкершілікті өз мойнымызға алуға тиіспіз, әйтпесе біз өз әрекетсіздігімізден Кәсіби этика кодексін бұзамыз.

3. Біз НУММ қауымдастығының бір бөлігі бола отырып, біздің әрекеттеріміз айналамыздағы адамдарға және ұйымның сапасына әсер ететінін түсінеміз. Біз аталған қоғамдастыққа мүшелік Кодекстің ережелеріне және оның кәсіптік мінез-құлық және академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес келген жағдайда ғана мүмкін болатынын түсінеміз. Біз мұны Кодекстің антына қол қою арқылы растаймыз.

2. Кәсіптік мінез-құлықтың жалпы қағидаттары



4. Біздің кәсіптік қарым-қатынасымыз өзара құрмет пен түсіністікке негізделуі тиіс. Біз адамдар арасында әрқашан айырмашылықтар болатынын мойындай отырып, мүмкіндігінше зияткерлік ашықтық, адалдық, шынайылық атмосферасын сақтауға тырысуымыз керек. Біз студент, ОПҚ мүшесі, қызметкер, пациент болсын, сеніміне, жұмыс әдістеріне және жеке тұлғасына қарамастан, айналамыздағы адамдарға бірдей құрметпен қарауға тиіспіз. Біздің сөздеріміз бен іс-әрекеттеріміз біздің пациенттеріміз бен курстастарымызға әсер ететінін ескеруге тиіспіз.

5. Ынтымақтастық рухы медициналық мамандықтың ажырамас бөлігі және педагогикалық тәжірибеміздің негізі болып табылады. Біз пациенттерді оқыту және емдеу үдерістерін жетілдіру үшін оқыту кезінде және практикада негізгі құндылықтарды көрсететін ынтымақтастық атмосферасын сақтауымыз тиіс. Медицина мамандығының студенттері бола отырып, біз медициналық кәсіптің жоғары кәсіптік стандарттарын ұстануға тиіспіз. Оларға, басқалармен қатар, студенттердің адалдығы, ынтымақтастық және әріптестер арасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас, кемсітушілікке жол бермеу, медициналық құпияны сақтау, кеңес беру және тиісті деңгейде ақпарат беру, қарама-қарсы жыныстағы адамдармен өзара әрекеттесу кезінде тиісті мінез-құлық, бұзушылық мәселелерін тиісті деңгейде тану және қарау, зерттеу қызметіндегі адалдық және мүдделер қақтығысына жол бермеу жатады.



